9 Мамыр

# Мұнайлы өлке

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

№04 (126), сәуір - мамыр, 2020 жыл




## *Қадірлі ардагерлер!*
## *Құрметті әріптестер!*

Ұлы Жеңістің 75 жылдығы құтты болсын! Адамзат үшін бұл мерекенің орны бөлек, мәртебесі асқақ.

Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыс деген атауды арқалаған қанды қырғынды тоқтатқан қан майдандағы майдангер ерлігі мен тылдағы елдің жанкешті еңбегі – ұрпаққа ұран! Күллі әлемді күйретуді көздеген аждаһаның табаны қазақ жеріне тимегенімен, сол жылдары жауға қарсы атылған әрбір он оқтың тоғызы қазақстандық қорғасыннан құйылған дейді Кәрі Тарих. 1418 күнге созылған ұрыс майданына аттанған 1,5 млн-ға жуық отандасымыздың 400 мыңнан астамын соғыс жалмады. Биыл қарсы алып отырған Ұлы Жеңістің 75-көктемі осындай жанкештілік пен құрбандықтың жемісі. Адамзат қайта бармауы тиіс қадамның ескерткіші!

Майданнан аман оралған аға ұрпақ қатепті қара нардай соғыстан ойсыраған өнеркәсіп пен экономиканы қайта түлетті. Қалалар салып, өндірісті өркендетті. Қазақстан мұнай-газ саласы, соның ішінде Маңғыстаудың мұнай мен газ өндіру ісі Ұлы Отан Соғысы ардагерлері мен тыл еңбегі ардагерлерінің ерен еңбегінің үлгісіндей. Бүгінгі таңда соғыстың соңғы қос солдаты – атақты геолог Қамқа Апа Үмбеталина мен Қайыр Ата Қыдырбаев Жеңістің 75 жылдық мерекесін аға буын мұнайшылардың бүгінгі ұрпағымен бірге қарсы алуда. Біз бүгін Жеңіс тойына жете алмаған Намазбай Ығылманов, Виктор Васильевич Нечаев, Николай Григорьевич Скороход, Шарқатбай Қалыбаев, Екатерина Семеновна Семакина сияқты Жеңістің туын тігіп келіп, 60-жылдары Маңғыстау мұнайын игерген, шөл даланың атын әлемге танытқан марқұм ардагерлеріміздің Рухына Тағзым етеміз!

**Аса қадірлі ардагерлер!** Сіз еткен еңбектің даңқы жыл өткен сайын биіктемесе, аласармасы анық! Әлі талай буын Өздеріңізге - отансүйгіштік пен қаһармандықтың өнегесіне қарап бой түзейтіні сөзсіз! Бүгінгі қасиетті мерекеде барша ардагерлерімізге маңғыстаумұнайгаздық әріптестер атынан ыстық ықыласымыз бен ілтипатымызды жолдаймыз! Бейбіт өмір, ашық аспан, Тәуелсіз ел сыйлаған қарияларымыз аман болғай, қажымас қайрат-жігер, зор денсаулық тілейміз!

**Құрметті әріптестер**! Мамыр айы – мерекелер айы. Сіздерді қасиетті Рамазан айымен, сондай-ақ 1 мамыр – Ынтымақ күнімен, Отан Қорғаушылар мерекесімен құттықтаймыз! Тәуелсіздігіміз баянды, еліміздің аспаны бейбіт, отбасы аман, табыс толағай болсын!

Қатерлі дерттің беті қайтып, еңбегіміздің берекесі, қазанымыздың ырысы толғай! Күллі әлемді жайлаған дағдарыстан туындаған қиыншылықтардан мұнайшылардың қайтпас қайраты мен жігері, бірлігі пен ынтымағы алып шығатынына сенім артамыз!

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы**

COVID-19

# БІРГЕМІЗ - БЕРІК ІРГЕМІЗ!

## «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

### Құрметті әріптестер!

Коронавирусты инфекцияның пандемиясы еліміздің азаматтарының өмірі мен денсаулығына әлі де қауіп төндіруде. Қазақстан Үкіметі мен жергілікті билік органдары қабылдаған алдын алу шаралары инфекцияның кең және қарқынды таралуына жол бермеуге мүмкіндік берді. Әрине, бұл шаралар оңай емес, бірақ, бұл қадам, ең алдымен, адамдарға қамқорлықтан, індеттен сақтандырудан туған амалсыздықтан туындап отыр. Сондықтан аз-кем күнгі ауыртпалыққа шыдап, өзгерістерге бейімделіп, көңіл-күйді түсірмеген абзал.

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолдан келгеннің бәрін жасауда. Алдын ала жедел штаб құрылды, коронавирустық инфекцияның алдын алу және таралуына жол бермеу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді, Қаламқас және Жетібай кен орындарында азық-түлік пен медициналық препараттардың стратегиялық қоры құрылды, стационарлық тепловизорлар сатып алынды, компанияның барлық әкімшілік және өндірістік нысандарында санитарлық-дезинфекциялық режим күшейтілді. Сондай-ақ, Төтенше жағдай кезеңінде әкімшілік басқару аппараты қызметкерлерінің 98 пайызы қашықтықтан жұмыс жасау режиміне көшті. Ал 15 сәуірден бастап компанияның кен орындарындағы вахталық әдіспен жұмыс жасайтын мұнайшылардың жұмыс режимі 30 күнге дейін ұлғайды. Осы сәтті пайдалана отырып, қабылданған шешімдерді терең түсініп, қолдағандарыңыз үшін, құрметті әріптестер, Сіздерге шын жүректен алғыс білдіреміз! Иә, жылдан-жылға қалыптасқан өмір ырғағын, әдеттегі тәртіп пен дағдыны өзгерту оңай емес екенін түсінеміз. Бірақ бұл мәжбүрліктен туындаған жәйт және эпидемиологиялық жағдай жақсарған соң біз бұрынғы қалыпты жағдайымызға ораламыз.

Бүгінгі таңда компанияның жұмыс режиміне орайластырып вахталардың жұмыс режимін үйлестірген сервистік кәсіпорындардағы әріптестерімізге бен серіктестерімізге де алғысымыз шексіз. Жаһандық вирустың шекараны алаламайтыны қынжыларлық жай. Тап осы күрделі кезеңде ел шетіне тиген індетке қарсы тұру үшін біздің барлығымызға күшжігерді бір ортаға тоқайластыру, ынтымақтастық пен ауызбіршілікті біріктіру өте маңызды.

### Уважаемые коллеги!

Пандемия коронавирусной инфекции продолжает угрожать жизни и здоровью граждан нашей страны. Принятые Правительством Казахстана и местными властями упреждающие меры позволили не допустить широкого и стремительного распространения инфекции. Да многие из этих мер не простые, но они продиктованы, прежде всего, заботой о людях, поэтому важно адаптироваться к меняющейся реальности и не падать духом.

В свою очередь «Мангистаумунайгаз» также делает все возможное, чтобы обеспечить безопасность своих сотрудников и членов их семей. Заблаговременно был создан оперативный штаб, разработан план мероприятий по профилактике и недопущению распространения коронавирусной инфекции, создан стратегический запас продовольствия и медицинских препаратов на месторождениях Каламкас и Жетыбай, приобретены стационарные тепловизоры, во всех административных и производственных объектах компании усилен санитарно-дезинфекционный режим. Кроме того, на период ЧП 98% сотрудников АУП перешли на дистанционный режим работы, а с 15 апреля до 30 дней увеличился режим работы нефтяников-вахтовиков на месторождениях Общества. Пользуясь случаем, хочется искренне поблагодарить коллег за понимание и поддержку данного решения. Да, мы понимаем, что нелегко сразу поменять годами сложившийся ритм жизни, привычный распорядок и уклад, но это мера вынужденная и временная и как только эпидемиологическая ситуация улучшится, мы вернемся к прежним условиям.

Также выражаем благодарность коллегам и партнерам из сервисных предприятий, которые вслед за нами увеличили продолжительность работы вахтовиков. Глобальный вирус не признает границ и стен и перед лицом общей угрозы, очень важно показать свою солидарность и объединить усилия.

В целом на сегодняшний день ситуация в компании стабильная, трудовой коллектив продолжат выполнять производственные задачи. Нашим главным приоритетом всегда были и остаются – здоровье и безопасность сотрудников компании. Несмотря на то, что вирус COVID-19 является серьезным испытанием, мы уверены, что вместе нам удастся его победить. Желаем всем здоровья и оптимизма. Берегите себя и своих близких!

### Қымбатты әріптестер!

Бүгінгі таңда компанияның жағдайы тұрақты, еңбек ұжымы өндірістік міндеттерді орындауды жалғастыруда. Біздің басты байлығымыз – Компания қызметкерлерінің денсаулығы мен қауіпсіздігі болып қала бермек. COVID-19 вирусы ауыр сынақ болса да, біз оны бірге жеңе алатынымызға сенімдіміз. Барлықтарыңызға денсаулық және оптимистік көңіл-күй тілейміз. Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз!

**Құрметпен,**
**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы**

---

# ҚАРЛЫҒАШ-КӨМЕК



Елде төтенше жағдай жарияланғаннан кейін дәріханаларда медициналық бетперделер тапшылығы лезде сезілді. Осы олқылықтың орнын толтыру және Қоғам қызметкерлері арасында коронавирус таралып кету қаупіне жол бермеу және оның алдын алу мақсатында, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы өз қызметкерлеріне көп реттік бетперделер тігуге ұсыныс білдірді. Дайын өнімді сатып алуға дайын екендігін хабарлады. Бұл жаңалық қашықтықтан жұмыс істейтін, декреттік демалыстағы және бала күтіміндегі қызметкерлер арасында кеңінен қолдау тапты. Карантин талаптарына орай өз үйлерінде оқшауланған қызметкерлеріміз «Біз біргеміз» акциясына осылай өз үндерін үн қосты.

**Гүлсім Жарылғасова**, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы, қабат қысымын ұстау цехының 2-санаттағы геолог маманы: «Осынау қиын кезеңде ауызбіршілікте болуымыз өте маңызды. Жұмыста жүріп бас офистен келген бетперде туралы хабарламаны естідім де, кешке үйге барғасын тігуді бастап кеттім. Талаптығa нұр жауар деген, соның арқасында кеше 200-ден астамын тапсырдым. Маскалар өте сапалы, екі қабатты. Мұны үтіктеп, жуып, қайтадан тағуға болады. Бір рет тағып, лақтырып тастайтын емес, ұзақ пайдалануға болады», –дейді Гүлсім апай. Мұнайды жоғары көтеру үшін күнделікті жер астына су айдау қызметін бақылайтын маманның, қазіргі таңда тігіншілік өнері де Қоғам игілігі үшін олжа болып тұр. Маңғыстау мұнайының қарашаңырағында 30 жылдан астам еңбек етіп келе жатқан Гүлсім Жарылғасова ұжымды бірлікке шақырды.

**Гүлназ Сәрсенғалиева** – материалды-техникалық қамту базасының стажеры: «Елдегі төтенше жағдай кезінде бос отырмай, қолымнан келген көмегімді аямауға тырысып жатырмын. Медициналық бетперделер жетпей жатыр. Әсіресе, кенорындарымызда жұмыс жасайтын қызметкерлеріміздің қорғану құралдары толық болғаны өте маңызды. Осы уақытта сәл де болса, үлес қоссақ деймін. Бұл жұмыстарды жалғастыра беремін. Тілегім ел-жұртымыз тыныш болып, елімізде тезірек жаймашуақ күндер орнаса екен», – дейді Гүлназ. Өзі көп балалы ана, қазіргі таңда 4 баланы бағып, бала күтімімен үйде отыр.

**Айгерім Хожанова** – әкімшілік-әлеуметтік департаментінің стажеры: «Коронавирусқа қарсы күресу, ұлт қауіпсіздігін сақтау - бәрімізге ортақ міндет. Осындайда әрбір азамат жауапкершілікті сезінуі тиіс. Негізі тігу қолымнан келмейтіні рас, бірақ жылдар бойы тігіншілікпен айналысатын енем бір рет көрсетіп бергеннен кейін алып кеттім. Барлығы да ниетке байланысты екен. Бүгінге дейін 300-ден астам бетперде тігіп тапсырдым. Осы орайда «қолақы» төленуі де біз сияқты үйде отырған аналарға үлкен стимул екендігін атап өткім келеді», – дейді Айгерім.

Бүгінгі таңда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері он мыңнан аса бетперде дайындап, тапсырды. Бұл орайда, ізгілікті іске бастамашы болған әкімшілік-әлеуметтік мәселелер департаментінің стажеры Анар Нұғманованың да еңбегін атап өткен жөн.

Әлемдік індеттің дауасы әлі табылған жоқ. Бірақ сақтанудың жолдары бар. Ол – үйде оқшаулану. Сондықтан вирусты жеңу үшін әркім өз үйімізде болайық!

**Арайлым Ақшаева**

# ВСЕГДА НА СВЯЗИ!

**Во время любой пандемии эффективной мерой против распространения инфекции является самоизоляция, работа из дома. В связи с введением ЧП и объявлением режима карантина было принято решение перевести большую часть сотрудников АО «Мангистаумунайгаз» на удаленный режим работы. Это сложная логистическая задача, ведь многим сотрудникам понадобился VPN, инструменты для связи, рабочие компьютеры и прочие инструменты. Но, несмотря на трудности, специалисты Департамента автоматизации, информационных технологий и связи (ДАИТиС), на плечи которых легла вся техническая часть работы по переводу на «удаленку» успешно справились со своей задачей.**



За период с 18 марта по 22 апреля по предоставленным ДУЧР спискам, силами IT-специалистов ДАИТиС большинство городского персонала (головной офис, автоколонна 22 мкр, служба СМТС в пос. Ынтымак) и небольшая часть - на месторождении Жетыбай была переведена на дистанционную работу.

В целях минимизации потерь служебной информации и ускорения процесса удаленной работы, руководством ДАИТиС было решено выдавать сотрудникам, уходящим на дистанционную работу служебные ПК.

Основную работу по настройке компьютеров и ноутбуков выполнили сотрудники отдела компьютерных сетей и коммуникаций – каждое устройство подготавливалось на рабочем месте, выдавался кабель UTP, заполнялись акты, выписывались пропуска для оборудования, велся учет настроенных ПК и ноутбуков. За вышеуказанный период пользователям было выдано порядка 2,6 тыс. метров (2,6 км) кабеля, полтора десятка модемов Билайн с предоплаченным Интернетом и несколько wi-fi адаптеров Dlink.

Непосредственно удаленный доступ обеспечивается сетевым оборудованием Palo Alto и программой Global Protect. Были задействованы три группы и отдельные сотрудники ОКСиК в работе по настройке и выдаче ПК, одна группа ОИБД – в работе по организации удаленного доступа к ERP Галактика.

Для оптимизации работы с учетной системой ERP Галактика группой системных администраторов был в короткий срок был развернут и настроен дополнительный терминальный сервер, а также, проведена работа по получению онлайн доступа к ИС «Параграф» для сотрудников ДПО, ФД и ДТБОТиООС.

2019 году ДАИТиС был испытан и внедрен межсетевой экран с более высокой пропускной способностью на решении Palo Alto Networks. Данное оборудование используется в различных целях: такие как шлюз сети Интернет, применяющийся на предприятиях различного масштаба, а также для реализации удаленного доступа для сотрудников предприятия. И оно оказалась как никогда кстати, корпоративный VPN справился с поставленной задачей (нагрузкой).

В настоящий момент отделами КСиК и ИБД отслеживаются и выполняются все заявки по проблемам в удаленной работе: в приложении Телеграм создан чат для оперативного приема сообщений, а также заявки принимаются на электронный адрес helpdesk@mmg.kz.

**Есназар Султанов**

*Тыл ардагері*

Айдың күннің аманында «заман бұзылды, заман жаман» деп қарғанып-сіленіп отыратын кейбіреулерді әжелеріміз «тәйт, не дейді мына көргенсіз? Заманның жаманын біз көрдік, әрмияға кетті бауыр жоқ болып, жетім мен жесірді, аштық пен жоқшылықты көрдік. Замандарың жақсы, тек адамы бұзылған! Жамандық шақырған несі, зарланып айдың күннің аманында» деп тиып тастап, «о, тобалап» Жаратқанына сиынып жатушы еді...

Әр жылы көктеммен ілесіп, Жеңіс келгенде 41-шы жылдың келіншегі - Әженің талайлы тағдыры, өзіміз көре қалған майдангер, балалығы отқа шарпылғаннан болар, «шүкірінен» жазбайтын алғы буын туралы ойлайтынымыз тамырда бүлкілдеп жатқан тарихи жадтың оянуы шығар мүмкін...

Ақ жаулығын мойнына сап «Құдайлап»,
Көз жасымен кемпір жүзін ылайлап,
Мұхамбет шал көк түйеге мініп ап,
Кешке қарай оралады түйе айдап.
...Сырт көздерге көрінбейтін жара бар,
Екі мұңлық бір-біріне барабар:
Уызына жарымаған сәби мен
Тумай жатып ботасы өлген қара нар.
Нар келгенде ақ жүректен алғыс ап...
Зар келгенде кемпір айтқан зар құсап,
Жиырма миллион ботасы өлген Жылдардың
Бауырында жер боздайды нар құсап!

Бұл Өтежан Ақын Нұрғалиевтың «Соғыстың соңғы жазында» тылдағы шерменде шал мен жетім баланың, ботасынан айрылған қара нардай боздаған шерлі ана мен жесір мұңлықтардың жырмен өрген тағдыры...

Ел қорғауға аттанған жарларының кетпен-күрегін нәзік иығын іліп, еңіреп жүріп жетімдерді жеткізген аналар да, пайғамбардың жасына жетіп, қызық көрер шақта күн-түні майдандағы ұлдың жолына қарап, бейнет шеккен қариялар да, соғыстан жараланып оралған балдақты жауынгер де келместің кемесіне мініп, қыр басына шыққаны қашан! Олардың аманатындай сол кездегі он үшінде шаруаға жегілген, бесіктен белі шықпай жатып соғыстың тауқыметін арқалаған қырқыншы жылдардың перзенттері бүгінде ақсақалдың жасында. Біздің бүгінгі мақаламыздың кейіпкерлері **Қойлыбай Қаражанов, Биғали Аққалиев, Әбдір Қонаев** ақсақалдарымыз көрсеткен еңбектің ерек үлгісі, қилы тағдыры осы мақалаға арқау болып отыр.




# СОҒЫС ҮНІ ЖЕТІМ БОЛЫП, ЖЕСІР БОП, ТҰРАТЫНДАЙ ӘЛІ БІЗГЕ ЕСТІЛІП...

## *Қойлыбай Қаражанов*



Қарашадайынан колхоз жұмысына жегілген бала Қойлыбайдың жалғыз ағасы соғыстан оралмай, хабар ошарсыз кетті. Маңғыстау ауданының Сталин атындағы колхозында бұғанасы бекімей жатып малшы әкесіне көмектесіп мал да бағысты, шымыраудан 70-80 метрлік шығырмен су тартып, ат көліктерімен қара шаруаны да атқарды. Бозторғай шырылымен оянып, күн ұясына батқанша бітпейтін ауыр тірлік оларды ерте есейтті.

- Ұлы жеңісті жақындату жолында тылда еңбек еткен замандастарым жаңадан ұйымдасқан колхоздарда әртүрлі жұмыстар атқарды. Майдангерлерге арнап, жүн түтіп, оны иіріп, қолғап-шұлық тоқыды. Қолдағы малдың сүтін сауып, құрт, май, ірімшік жасап, ауданға жіберіп отырған кездер қазіргідей есімде, - дейді бүгінде Маңғыстаудың абыройлы ақсақалы атанған Қойлыбай Қаражанов

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Маңғыстау облысының Ұлы Отан соғысы жылдарында мал шаруашылығында қызмет еткен шопан бақташылардың балаларына «Тыл ардагері» атағы берілді. Олардың қатарында Қойлыбай ақсақал да бар еді.

Бейнетті балалығының өтеуі шығар, ол бүгінде Маңғыстау ауданының және Маңғыстау облысының Құрметті азаматы. ҚазКСР халық ағарту ісінің озық қызметкері, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

1960 жылдары Маңғыстаудың мұнайы игеріліп, даңқы алысқа тарағанда жас ұстаз өлкенің білім саласына келген болатын. 1961-1983 жж. Маңғыстау ауданы мектептерінде үзіліссіз мектеп директоры, 1983-1992 жж. Қызан селолық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы, «Тұщықұдық» кеңшары партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарды. 1993-2000 жж. Тұщықұдық кеніші «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты Бозашы технологиялық көлік басқармасында (ПТО) инженер-техник болып еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, облыстық партия комитеті, Кеңес атқару комитетінің екі дүркін мақтау грамоталарымен марапатталған ол екі мәрте Маңғыстау аудандық, 30 жылдай селолық Кеңестердің депутаты болып сайланды. Құрметті еңбек демалысына шыққаннан кейін 2005 жылдан бері облыстық мұрағатта жұмыс жасап келеді. Қойлыбай аға өнегесі елге үлгі, өсіп-өнген үлкен әулеттің тірегі, іргелі шаңырақтан қанаттанып ұшқан ұл-қыздары өлкеге белгілі азаматтар.

Қойлыбай Қаражанов соңғы жылдары өлке тарихы туралы жұмыстарға бет бұрып, қоғам қайраткері Қ.Сарғожаев туралы «Тағдыр тауқыметінен тағлым», ғалым-дәрігер Е. Оразақов туралы «Антына адал азамат», заңгер Ү.Сағымбаев туралы «Әке рухына тағзым», Маңғыстау ауданының 80 жылдығына орай «Аудан асқан асулар», «Ұрпаққа ұлағат», қос авторлықпен «Миуалы бәйтерек» кітаптарының авторы және Ұлы Жеңістің 65-70 жылдығына орай шығарылған төрт томдық «Тағзым» , «Адай көтерілісі» атты жинақтарды құрастырушылар алқасының белсенді мүшесі. 2013 жылы шыққан «Маңғыстау мұғалімдері» энциклопедиясы шығармашылық тобының жетекшісі. Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай ғалым Ж.Дүйсенбаевамен бірігіп жазған «Майдангер ұстаздар» атты кітабы Маңғыстау өңірінен майданға аттанған ұстаздардың өмір деректері жан-жақты баяндалған. Ұлы Отан соғысының 75 жылдығы қарсаңында Қойлыбай Ағаның «Тағзым-5» кітабы дайын. Облыс әкімдігінің қолдауымен шыққан басылым мереке қарсаңында майдангерлер мен тыл ардагерлерінің отбасыларына таратылатын болады.

## *Биғали Аққалиев*



Биғали Аққалиев әкесі Сталинград түбіндегі шайқаста қаза тапқанда 10 жаста еді. Соғыс кезінде колхозда бұзау баққан, сол кездегі қаршадай бала, бүгінгі тыл ардагері өзінің өмір тарихы мен сұрапыл соғыс жылдары жайында: «Алты жасымнан бастап бір кесе тары үшін жұмыс істедім. Ол кезде ата-анасымен қоса бала-шағаға дейін колхоздың қара жұмысында. Әкеміз соғысқа кеткенде Назым шешемізге мақта терісіп, шөп жинасып шаруаға ерте араласып кеттік. Жетім қалып еңбек майданында бел бүгіп, адамның да, өмірдің де қаталдығының ызадертін көресіндей көрдік. «Құдай берейін десе - жұдырыққа тас сынар, қылайын десе - быламыққа тіс сынар» дегендей көретін жарығымның бар болғаны шығар, шүкір, бүгінгі заманға да аман жеттім. Елімнің төрт құбыласының теңескенін көріп, қуанып, бүгінде «Бір Алла!» деп 85 жасқа ақырын басып жылжып келе жатырмын»,- дейді ақсақал.

Биғали Аққалиев 1935 жылдың 1 мамырында Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, «Райгородок» ауылында дүниеге келген. Осы ауылда 1951 жылы 6-шы сыныпты бітіріп, Доссор кентіндегі №19 ремучилищенің бұрғышы курсына түскен ол 1953 жылы жолдамамен «Казнефтьгазразведка» тресінің Құлсарыдағы «Қосшағыл және Тереңөзек» учаскілерінде бұрғышының көмекшісі болып еңбек жолын бастайды. 1955 жылы Құлсары ауданынан Кеңес армиясына қызмет етуге аттанады. Армия қатарында 3 жыл 8 ай болып, 1959 жылы Доссор кентіндегі Мақат бұрғылау конторына бұрғышының 4-ші дәрежелі көмекшісі болып жұмысқа кіріседі. 1959-1964 жылдар аралығында Даңғар, Қаратал, Бақлан, Мәтенқожа және Мартыши бұрғылау конторы «Қарағия мұнайгазбарлау» экспедициясымен қазіргі Құрық кентіне көшіп келеді. Сол аралықта Доссор кентіндегі ремучилищеде қайтадан 3 айлық бұрғышы курсын оқып алған Биғали Аққалиев Оймаша, Мыс Песчанный, Доңға, Қауынды-Қорғанбай бұрғылау алаңдарында бұрғышы, 1969 жылдан 1996 жылға дейін «Маңғыстаумұнайгазбарлау» кешенді экспедициясында бұрғылау шебері, бұрғылау қондырғысының бастығы болып қызметтер атқарды. Еспелісай, Жоласқан, Саура-Сығынды, Астаубай, Батыс Түрлен, Қаражанбас, Солтүстік Бозашы, Арман, Қаламқас, Қаратұрын, Тұяқ, Придорожный Аралды, Айырсор, Мұрынсор, Абрай, Мықты, Тасорпа, Комсомольск, Нысановск, Тасым, Айыршағыл, Елемес және т.б. бұрғылау алаңдарында қызмет етіп, 1970 жылы Өзен аудандық, 1972 жылы Маңғыстау облысының депутаты болады. 1996 жылы зейнеткерлікке шыққан Биғали ақсақал осы қызмет еткен жылдары Еңбек Қызыл Ту ордені, «СССР жер қойнауы геологиясының үздігі», «Еңбек ардагері» төсбелгілерімен марапатталған. 2018 жылы «Қарақия ауданының құрметті азаматы», 2019 жылы «Маңғыстау облысының Құрметті азаматы» атақтарын иеленді. Екі ұл бір қыз тәрбиелеп өсірген ақсақалдың өмір жолы өнеге.

## *Әбдір Қонаев*



Соғыстан кейін қираған экономиканы, халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру мақсатында 1946-1950 жж. Маңғыстауда жаңа мұнай кәсіпшіліктері салынып бастаған шақ. 1954 жылы Атыраудан бұрғылау құрал-саймандарымен бұрғышылар келіп, олардың келуімен бірге маңғыстаулық барлаушы-мұнайшылардың да алғашқы тобы тәрбиеленіп, өсіп шығады. Алғашқы бұрғылау тобына қосылған жергілікті жұмысшылардың қатарында келесі кейіпкеріміз Әбдір Қонаев та бар еді. Бұрғышы көмекшісінен жетінші дәрежелі бұрғышыға дейін көтерілген ол Қамысбай Мырзағалиевтың қарамағында еңбек еткенін мақтан тұтады.

Абдір Қонаев 1927 жылы Тұщықұдық елді мекені, Алаторпа-Қошақ жерінде дүниеге келген. Екі қыз, бес ұлдан өрбіген немере-шөберенің қызығына бөленіп, өмірлік жарымен бақытты ғұмыр кешіп отырған тыл еңбеккері.

«Мектепте сабақ жүріп жатыр еді. Бригадир барлық оқушыларды орнынан тұрғызып шөп шабуға алып кетті. Содан бастап тылдағы тынымсыз еңбегіміз басталды. Аға-әкелеріміздің орнына қора салдық, мал бағып жер жырттық, тары-бидай ектік. Сиыр баққан әкем ауырып қалған кезде қолмен құдық қазып, жүздеген сиырды суарған кездерім ешқашан естен кетпейді» -деп, естелігін онан әрмен тарқатты. Екі ұл, екі қызды дүниеге әкелген әке-шешесінің шаруашылықтың ауыр бейнетін қабақ шытпай көтергенін, жалғыз ағасы соғыстан оралмай, еңбек ақының да дұрыс төленбегенін, көзі қараңғы, оқымаған елдің сол кездері өте күйсіз болғанын баяндады. «Иіні дұрыс киім кимей, ашқұрсақ жүрсек те ертеңгі жақсы күннен үмітімізді үзбедік, иығы жыртық балалықты қалай ұмытарсың» деген естелік әңгімесінің түйінін «Сол бір жылдардың ізі өшкен жоқ ел көкейінен, соғыс өртінің шарпуы тимеген шаңырақ бар ма екен, сірә? «Майдан», «тыл» деген жай аты ғана. Әйтпесе, бірі мылтықты, бірі мылтықсыз – екеуі де жанкешті шайқас болатын. Шынында да, оқтың азабынан жоқтың азабы кем соқпағанына куәміз. Жеңіс күнін біз қуаныштан ботадай боздаған ауылдың барша кәрі-жасымен бірге жылап тұрып қарсы алдық қой»,-деп түйіндеді.

Жыл артынан жыл жылжып уақыт шіркін жалынан ұстатар емес. Жыл өткен сайын соғыс оқиғалары тарих қойнауына тереңдей сүңгіп алыстап барады. Оның қияметін бүгінгі ұрпақтың зердесінен өшірмейтін майдангерлер мен қырықыншы жылдың ұландары - тыл ардагерлерінің ұлағаты мен өнегесі. Сондықтан да жеңістің 75-көктеміне ұрпағының ортасында шат-шадыман қуанышпен жеткен мұнайшы ағалардың көрер қызық-қуанышы мол болғай!

**Лаура Жолдыбаева**

75 ЖЕҢІС! 1945 - 2020

# ҰЛЫ ЖЕҢІС: АТАДАН - АМАНАТ, ҰРПАҚҚА - ҰЛАҒАТ!

**Уақыт өтер, өмір озар, ел жаңарар. Алайда, адамзат баласын ажалдан арашалап қалған ерлер мен олардың женкештілігін біздің ұрпақ ұмытпақ емес. Жанын шүберекке түйіп, отан үшін от кешкен қаһармандарға мың тағзым.**

**Дағды бойынша, Ұлы Жеңістің құрметіне болмысы бекзат ардагерлермен биыл да мерекелік кездесу жасаушы едік, тек әлемді әлек еткен індет қолымызға байлау, аяғымызға тұсау боп тұр. Сондықтан майдангерлерге деген ықыласымызды газетіміздің дәстүрлі айдары арқылы жеткізгіміз келеді.**

**Жасқанбаған жауынан жарақты ер,**
**Ерлігіңді аңыз ғып таратты ел.**
**Қаһармандық дегенді кейінгі ұрпақ,**
**Жүздеріңе сендердің қарап білер.**



**Қамқа Үмбеталина** (05.09.1923 жылы туылған) - 1942 жылы 19 жасында майданға аттанған. Ұшқыштар курсынан өтіп, 1-ші Шығыс майданы, 9-шы әуе армиясында «бомбалаушы» болады. Украина, Маньщжурия мен Қиыр Шығыстағы сұрапыл шайқастарға қатысып, жеңіспен оралған сержант қыз екінші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені, «1942-1945 жылдардағы Германия мен Жанпонияны жеңгені үшін», «Ерен еңбегі үшін» төс белгілерінің иегері. 1945-1990 жылдары мұнай саласында еңбек еткен Қамқа Үмбеталина қазақ мұнайын игеруге белсене атсалысты. Атырау мен Маңғыстау мұнай кенорындарын барлауға қатысқан атақты геолог.














**Қайыр Қыдырбаев** (20.03.1922 жылы туылған) - 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қатысты. Ұрыстар кезінде үш рет жараланып, жауды толық жеңіп, елге жеңіспен оралған. Майданда маршал Рокоссовскийдің дивизиясына қарасты 82-ші батальонның құрамында Белоруссияны жаудан азат етуге қатысты, Германияға дейін жауды тықсыра қуып, Берлин қаласына дейін барған. Белосток қаласын, Гнев және Староград, Гданьск қамал-қаласын, Германияның Штральзунд, Гриммен, Деммин, Мальхин, Варен, Везенберг қалаларын, Варшава қаласының солтүстігіндегі Нарев өзенінің батыс жағалауын жаудан азат еткені үшін бірнеше мәрте марапаттауларға ие болды. 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Беларусь Республикасын неміс басқыншыларынан азат етудің 60-жылдығы» медальдарымен марапатталған. 1969-1988 жылдар аралығында мұнай саласында еңбек етіп, құрметті еңбек демалысына шықты.

















*Интеграция*

# LEAN 6 SIGMA В НЕФТЕДОБЫЧЕ: ЕСТЬ ПЕРВЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ



Стартовавший в октябре прошлого года проект Программы «Жаңару» — «Внедрение программы Lean 6 Sigma (LSS) в бизнес-направлении «Добыча нефти и газа» уже показал первые результаты.

На месторождении Каламкас АО «Мангистаумунайгаз» (ММГ) реализован проект «Уменьшение нагрузки на турбодвигатель СТДМ-800 кВт при эксплуатации насосного агрегата ЦНС-240-1050 на блочной кустовой насосной станции (БКНС)». Ожидаемый прямой экономический эффект составляет 14 млн. тенге. Автором данного проекта является руководитель группы по добыче нефти и подготовке нефти, газа и воды производственно-технического отдела производственного департамента ММГ Алданбай Сисенов, который вместе с проектной командой внедрил инициативу LSS за 7 месяцев.



Производственники выявили на Каламкасе проблему ежегодного прироста потребления электроэнергии насосным агрегатом при закачке воды в пласт. В этой связи, целью проекта было уменьшение нагрузки рабочего тока на турбодвигателях СТДМ-800 на 10% и такая же 10-процентная экономия электроэнергии на насосном агрегате №2 БКНС-1 месторождения Каламкас. После проведенного анализа и благодаря эффективному вовлечению проектной команды была предложена замена на насосах ЦНС рабочего колеса на «холостую ступень», что позволило уменьшить показатели по потреблению электроэнергии и силы тока, а также увеличить объем закачки воды в пласт.

Напомним, что суть проекта Lean 6 Sigma — это обучение работников проектному подходу и мотивация к выдвижению инициатив по совершенствованию бизнес-процессов и оптимизации деятельности предприятия. Сокращение операционных затрат при этом достигается за счет того, что специалисты, обученные по программе, продвигают небольшие не требующие существенных инвестиций проекты, которые в короткие сроки дают хороший экономический эффект. Для трансформации важность Lean Six Sigma состоит в формировании культуры бережливого производства, повышении уровня компетенций и изменении мышления людей, их вовлечении в процесс внедрения постоянных производственных улучшений, в том числе цифровых технологий.

С 2016 года в рамках трансформации КМГ программа LSS успешно выполняется в бизнес-направлении «Переработка и маркетинг нефти». Обучение прошли 120 работников производства. На сегодняшний день на Павлодарском нефтехимическом и Атырауском нефтепере-рабатывающем заводах, в компаниях Caspibitum и «Петро Казахстан Ойл Продактс» внедрены 111 проекта Lean Six Sigma. За весь период прямой экономический эффект от реализации проектов достиг 563 млн. тенге. В 2020 году, по оценке, цифра составит 193 млн. Руководство «КазМунайГаза» поручило перечисленным предприятиям продолжать работу над проектами по сокращению энергоресурсов и определить вторым направлением, в котором должны участвовать проектные команды – цифровизацию производственных процессов.

Что касается внедрения Lean 6 Sigma в бизнес-направлении «Добыча нефти и газа», то оно охватывает основные добывающие предприятия КМГ – АО «Озенмунайгаз», «Мангистаумунайгаз», «Эмбамунайгаз», «Каражанбасмунай» и ТОО «СП «Казгермунай». Проекты LSS в перечисленных компаниях призваны обеспечить такие актуальные производственные улучшения как снижение затрат на добычу нефти и потребления газа, уменьшение количества розливов нефти, подземных ремонтов скважин и аварийных отключений, экономия электроэнергии, сокращение вредных выбросов, и многие другие.

Всего, согласно плану, к середине текущего года в нефтедобывающих дочерних организациях КМГ намечено внедрить порядка 25 проектов Lean 6 Sigma.

*Держать курс*

# СИТУАЦИЯ ПОД КОНТРОЛЕМ!

**Ровно пять лет назад приказом Правления Общества был создан Ситуационный центр АО «Мангистаумунайгаз». Его создание было продиктовано необходимостью повышения эффективности производственных процессов компании, с помощью различных инструментов информационных технологий.**

Главной целью Ситуационного центра является, повышение эффективности производственных процессов посредством оперативного контроля и реагирования на возникающие отклонения при эксплуатации технологического транспорта и автотранспортных средств, при проведении работ по бурению и ремонту скважин, а также выявлению проблемных ситуаций, раннего предупреждения и разработке мероприятий по их парированию и ликвидации негативных последствий на месторождениях АО «Мангистаумунайгаз».



В частности GPS – мониторинг транспорта позволяет увеличить уровень безопасности при вождении, снизить аварийность и количество превышений скоростного режима, а также консолидировать и унифицировать данные поступающие от различных систем спутникового мониторинга транспорта с последующим их глубоким анализом. Количество превышений скорости, средняя и максимальная скорость движения на контрактной территории, количество и продолжительность производственных простоев и стоянок автомобильной техники, выявление транспортных средств с самыми высокими эксплуатационными затратами в простоях – все эти ключевые показатели выводятся на экраны ситуационного центра в доступной форме, в виде динамических диаграмм и графиков.

Кроме того, специалисты Ситуационного центра в режиме реального времени будут вести мониторинг и контроль «Интеллектуального месторождения» ГУ-3 на месторождении Асар, (в данный момент там ведутся опытно-промышленные испытания).

Сегодня небольшой, но сплоченный коллектив Центрального инженерно-технологического департамента (ЦИТД), в структуру которого входит Ситуационный центр продолжает успешно справляться с поставленными целями и задачами.

- В настоящее время общее количество автотранспортных средств и спецтехники контролируемых посредством GPS-мониторинга с выводом в Ситуационный центр превышает 2000 единиц, - говорит заместитель директора ЦИТД АО «Мангистаумунайгаз» Руслан Бимагамбетов. – С помощью системы GPS – мониторинга удалось снизить общий пробег автотранспортных средств на 15%, что соответственно привело к снижению расходов ГСМ на 10 – 15 %. Пользуясь случаем хочу поздравить своих коллег с юбилеем создания Ситуационного центра, пожелать успехов в труде, а также благополучия в семьях!

## СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# БІРЛІГІ БЕКЕМ ЕЛДІҢ АЗАМАТЫ



Қазақта "Отаны бірдің - тілегі бір, жүрегі бір" деген жақсы сөз бар. Жүзі басқа болса да жүрегі бір, тілі басқа болса да тілегі бір, атасы басқа болса да Отаны бір қаншама ұлт пен ұлыстарды біріктіріп, татулық туын ұстаған, басынан бағы ұшпаған жеріндегі тыныштықты, жеріндегі ырыс-құтты сақтайтын, керегесі кең жайылған еліміздe сан түрлі ұлт өкілдері бақытты ғұмыр кешіп, табысты еңбек етіп жүр.

Солардың бірі ежелгі армян халқының өкілі Мисак Сергеевич Айвазян қырық жылдан астам еңбек жолының соңғы жиырма жылында Жетібай кен орнында оқшаулаушы болып еңбек етіп келеді. Сөзі аз, ісі саз болып келетін жігіт ағасы өзіне берілген өндірістік тапсырманы орындауда қамшы салдырып, жанында бақылау қойдырып көрген емес. Бөлімше басшыларының сеніміне, жұмыстастарының ықыласына көп жылғы адал қызметі, кәсіби шеберлігі арқасында ие болды. Құбырлар мен технологиялық жабдықтарды термиялық оқшаулау жұмыстарын атқару үшін керекті білім мен әдіс-тәсілдерді, қойылатын талаптарды біліп қана қоймай, далалық қиын жағдайларда материалдарды қиып-пішіп, дайындап, олардың жігін білдірмей жымдастыра берік етіп жүзеге асыру сырттан қарағандай оңай шаруа емес. Қандай күрделі жұмыс болса да салқынқандылықпен, ақылға сала қарап, біліктілік деңгейінің жоғары екендігін дәлелдеп келеді.

Мисак Сергеевич - көп адамда кездесе бермейтін көркем мінез иесі. Жақсы мінез-құлықтың адамдар, соның ішінде үй-ішінен жырақта еңбек ететін жұмыскерлер арасында рөлі зор. Ұстамдылық – әдептің ұстазы десек, байсалды, салмақты, сарабдал мінезінен бір таймаған оның болмысынан «Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа», - деген қанатты сөздің тегін айтылмағанын көреміз.

Жетістікке жетудің сыры – қажырлы еңбек, сабыр ету, еңбегінің жемісіне сену. Компанияның дамуына өз үлесін қосып, өндірістік жоспарды орындау үшін маңдай терін төккен, жанын салып жұмыс істеген Мисак ағайдың еңбегі елеусіз қалған жоқ. Атаулы күндерде, алқалы жиындарда лайықты бағасын алып, марапатталып келеді. Ұрпағына лайықты тәрбие беріп отырған үлгілі отағасы, мінезі дария-шалқар көлмен тең жаны жайсаң Мисак ағайдай азаматтар ел тыныштығының тұнығы бұзылмайтындығы, бірлігі бекем бейбіт елдің берекесі арта беретіндігінің кепілі іспеттес болып қала бермек.

**А.Есбосын**

**«Oil Construction Company» ЖШС**

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# ДОСТУП ОБЕСПЕЧЕН

**В связи с введением ЧП в Республике Казахстан, с целью усиления мер, принимаемых из-за пандемии коронавируса COVID-19, ТОО «Мунайтелеком» перешло на дистанционный метод работы.**

На сегодняшний день 97% офисных сотрудников организации переведены на дистанционную работу. Диспетчерский сектор осуществляет деятельность в онлайн-режиме круглосуточно, ввиду невозможности удаленной работы и принимает заявки от Заказчиков.



С помощью технологии VPN настроена система безопасного удаленного доступа сотрудников компании к рабочим местам. Это означает, что теперь специалисты могут работать с документами и рабочими программами удалённо.

Все платежи производятся в обычном режиме. Внутренние и внешние переписки отправляются через систему электронного документооборота “Documentolog” с использованием электронной цифровой подписи (ЭЦП). Всем сотрудникам компании, которые перешли на дистанционный метод работы, настроена программа видеоконференцсвязи (ВКС), позволяющая проводить видеоконференции с охватом до 100 человек с любого цифрового устройства (телефон, ноутбук, персональный компьютер), а также подключены служебные телефоны.

Стоит отметить, что «Мунайтелеком» организовал бесконтактное обучение персонала по безопасности и охране труда, промышленной безопасности и пожарно-




технического минимума с привлечением высоко-квалифицированных тренеров. Бесконтактное обучение предпологает что тренер-лектор записывает свои курсы с помощью новых технологий находящихся в оборудованном учебном центре ТОО «Мунайтелеком», далее данный материал размещается в облаке и предоставляется доступ для обучающихся в свободное от работы время, с помощью любых портативных и мобильных устройств. По окончании обучения, лектор проводит онлайн экзамен каждого из обучающихся.

**ТОО «Мунайтелеком»**

# КОРОНОВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН-АЛУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Қазіргі жер бетінде таралып отырған коронавирустың, бұрынғы адамзатқа таныс вирустардан айырмашылығы – мутация арқылы пайда болғандығы. Эволюцияның 2 миллион жылында біздің иммундық жүйеміз белгілі инфекциялармен күресуді үйреніп алды, бірақ жаңа коронавирус абайсызда тап берді! Сол себепті әзірше **оны жеңу өте қиын, жұқтыру оңай болып тұр.** Вирустар қалай көбейеді? Вирус ұзақ уақыт тыныш күйде болып, қозғалмай «жата береді». Бірақ кенеттен «шошып оянып» өзіне қолайлы қожайынға кіріп алады. Вирустар барлық организмдерге жұғады – жануарлар мен өсімдіктерден бастап, ядросыз бір клеткалы микроорганизмдерге дейін. Латыннан аударғанда вирус «у» сөзін бекер білдірмесе керек. Вирус тірі ағзаға немесе бактерияға еніп алып, бұл паразиттер жасушаның органоидына (рибосомалар) вирустық ақуыздарды күштеп синтездей бастайды. Содан вирустың бірнеше **көшірмесі** жиналады. Яғни, бұл тура принтердің жұмысына ұқсайды. Қолайлы кеңістікке кіріп алған вирус өзін белсенді түрде көбейтіп, жаңа аумақтарды басып алады.

Инфекцияның бастапқы кезеңінде жаңа коронавирус тамақ жұтқыншақ, алқым мен жоғарғы тыныс жолдарында белсенді көбейеді. Содан кейін инфекция төмен түсіп, өкпеге жетіп, оны қабындыра бастайды. Сондықтан инфекцияның алғашқы белгісі - **жөтел.** Содан кейін ғана дене қызуы көтеріле бастайды. Кейбір жағдайларда дене қызуы көтерілмеуі де мүмкін. Уханьдағы науқастардың 30 пайызында ауруханаға келген кезде дене қызуы қалыпты мөлшерде болған. Көптеген жұқтырған адамдарда (18% немесе әр бес адамның біреуі) тіпті жөтел болмаған. Коронавирус еш белгісіз жалғаса береді – науқас тіпті өзінің сырқат екенін сезбеуі мүмкін. Мұндай белгісі жоқ науқастар инфекцияның белсенді **тасымалдаушысы** болып табылады және басқаларға жұқтыруы мүмкін. **Есіңізде болсын:** жаңа коронавирус тасымалдаушысы, аурудың белгілері пайда болмай тұрып-ақ айналасындағы адамдарға **өте қауіпті болып табылады**, өйткені ол вирусын бірден жұқтырады. Кез келген инфекция сияқты, SARS-CoV-2 корона-вирусында «суперспреддер» деп аталатын тасымалдаушылары жүздеген, тіпті мыңдаған адамға жұғады.

Егер Covid-19 жеңіл түрде өтсе, оның белгілері кәдімгі маусымдық тұмауға ұқсас: құрғақ жөтел, дене қызуы, әлсіздік, кейде бұлшық ет пен бас ауырады.

Коронавирустың ең ерекше белгілерінің бірі - **дәм немесе иіс сезімін жоғалту.** Бұл барлық жұқтырған адамдарда кездес-пегенімен, ортақ белгісі болуы мүмкін. Егер сіз кенеттен иісті немесе дәмді сезбесеңіз, бірден дәрігердің көмегіне жүгініңіз. Оңтүстік Кореяда вирус жұқтырғандар саны 30-ға жеткенде, сол мөлшерді қадағалап, ұстап қала алды. Бірақ «Науқас 31» деген кодпен аталған әйел, бірден 1200 адамға жұқтырған. Ол әйел өте діндар екен және жөтелі мен дене қызуына қарамастан, корей билігінің бұйрығын елемей, шіркеуге баруын доғармаған. Сөйтіп, 10 күн ішінде Оңтүстік Кореяда коронавирус жұқтырғандар саны 30-дан 5000-ға дейін өскен.

Осы себепті қазір бүкіл әлемдегі биліктің басты міндеті - көп адамдар бір мезетте Covid-19-бен ауырып қалмау үшін карантин мерзімін барынша қатаң және ұзақ мерзімде ұстау.

Сарапшылар былай деп ескертеді: әр адам өзін алдын ала психологиялық тұрғыдан дайындауы керек. Желдей ескен алып-қашпа әңгіме: бетперделер (маскалар) корона-вирустан құтқара алмайды. Рас, вирустың бөлшектерінің соншалықты кішкентай болатыны сонша, ол бетперденің тесігінен оп-оңай өтіп кетеді. Вирустың мөлшерін елестетіп көріңіз: иненің ұшына 100 миллионға жуық оның көшірмесін оңай орналастыруға болады. Вирус жұқтырған науқас жөтелгенде, ауаға оның титтей сілекей тамшылары шашырайды, олардың әрқайсы-сында миллиардтаған (!) вирус бөлшектер болуы мүмкін. Бетперделер айналаға таралатын осы сілекей тамшыларын ұстап қалып, олардың санын өте біраз деңгейде азайта алады!

Айналасындағы адамдарға жұқтыр-майын деген адам ең алдымен масқа киюі тиіс, әрине, ол 100% қорғай алмаса да, басқаларды үлкен қауіптен құтқаруға көмегі зор. Оның есесіне, вирусты тірі жан жоқ бөлмеден жұқтыруға болады. Қалай? Өйткені сіздің алдыңызда бұл бөлмеде вирус жұқтырған адам болған болуы әбден мүмкін. Ауада да коронавирус өміршең, ол үш сағат бойы сақталады, яғни сау адамдарға осы уақытта жұғып үлгереді. Пластик және болаттан жасалған заттарда SARS-CoV-2 үш күнге дейін, қағаз бен картонда – бір тәулікке дейін, мыстан жасалған заттардың бетінде - төрт сағатқа дейін сақталады.

«Тазалық – денсаулық кепілі» деген мағыналы сөзді ұмытпайық. Сондықтан бұл науқастың алды-алудың негізгі және ең сенімді құралы - үйден тыс жерлерде болып келгеннен кейін **қолды жақсылап сабындап жуу**. Қолдың 1 шаршы сантиметрінде шамамен 1500 микроб өмір сүреді! Тазалық сақталмаса, вирустар алақаныңыздан ауыз, мұрын және көздің шырышты қабығына көшеді. Біз зиянды микроорганизмдердің, соның ішінде вирустардың көп мөлшерін қолымызға ұстаймыз. Ал сабын мен құрамында спирті бар құрал вирусты құрта алады. Зерттеушілер ұзақ уақыт бойы бактериялар мен вирустардың арнайы жинақталатын жерін анықтаған. Ол: жеделсатыдағы тетік, қоғамдық көліктің тұтқалары және дүкендердегі шаруашылық себеттер. Қолды жуу, егер жылдам, шала-шарпы жусаңыз, әрдайым тиімді бола бермейді. Біріншіден, саусақтар мен оның арасын жақсылап ылғалдап, бүкіл қолды 20 секундтан кем емес уақыт бойы мұқият тазалау. Екіншіден, көп қолданатын сүлгілер мен қол кептіргіштер қосымша қауіп тудырады. Бір реттік қағаз сүлгілерін қолданған дұрыс. Үшіншіден, қолды кез келген жерде жууға жағдай жоқ. Сондықтан вирустық инфекция кең таралған кезде, **антисептик** қолданыңыз. Оны әрдайым өзіңізбен бірге алып жүріңіз. Егер үйде спирт болса, антисептикті үйде жасауға болады. Қолды қай кезде жиі жуу керек? Тамақтанар алдында, тамақтанғаннан кейін, дәретханаға барар алдында (адамдар бұны жиі ұмытып жатады), дәретханаға барғаннан кейін, сырттан ішке оралғаннан кейін, жануарларды ұстағаннан кейін, қоғамдық көлікпен жүргеннен кейін, ақша және банк картасын ұстағаннан кейін. Антисептик әсіресе жол жүргенде көмектеседі.

**Тағы қандай ереже сақтау керек?**

- Жөтелгенде және түшкіргенде аузыңыз бен мұрныңызды көлегейлеп жабыңыз. Әртүрлі тұрмыстық қалдықтарды қақпағы бар қоқыс контейнеріне лақтырыңыз да, қолыңызды спирті бар антисептикпен сүртіңіз немесе сабындап жуыңыз.

- Жуылмаған қолды бетіңізге, көзіңізге тигізбеңіз.

- Шашты жалбыратпай, жинап жүріңіз. Адам көп жерлерде жайылған шашыңыз біреудің бетіне тиіп, тағы басқа заттарға тиіп, вирус жұқтыру қаупін арттырады.

- Жөтелген, түшкірген адамдардан кемінде 2 метр қашықтықта болуға барынша тырысыңыз. Сөйлесуді, сүйісуді, құшақ-тасуды, қол беріп амандасуды шектеңіз. Бөлмені жиі желдетіңіз.

- Есік тұтқаларын, кіреберістегі баспалдақ ернеуін, қоғамдық орындарда тұтқалар мен т.б. заттарды ұстамауға тырысыңыз. Үйге келе сала, қолды жақсылап сабындап жуыңыз. Аурудың таралуы кезінде шикі немесе ысытылмаған тағамды жемеңіз, әсіресе дұрыс қайнатылмаған мал етінен сақтаныңыз.

- Дене қызуы көтеріліп, жөтел немесе тыныс алу қиындаса, мүмкіндігінше тезірек медициналық көмекке жүгініңіз.

Covid-19 вакцинасы немесе оның тиімді емі табылғанша, бүкіл әлемдегі карантин және басқа шектеу шаралары (қысқа үзіліс-термен) жалғасуы мүмкін. Ал Қазақстандағы тап қазіргі статистика көңіл көншітпейді, аймақтардағы ахуал да жақсы деуге келмес, дегенмен Денсаулық сақтау министрлігі барынша күш салып күресуде.

**Ал біздердің міндетіміз** - карантин тәртібін сақтап, антисептик құралдарын қолданып, денсаулық сақтау министрлігінің талаптарын бұлжытпай орындау. «Сақтықта-қорлық жоқ» деген қағиданы орындап, карантин кезінде үйде отыру өте маңызды. Адамдармен неғұрлым көп байланыста болсаңыз, ауру жұқтыру қаупі соғұрлым көп болады.

Қазіргі таңда, Ақтау қаласындағы «Хирургии институты» ЖШС филиалы Жетібай кен орнындағы дәрігерлік амбулаторияның қызметкерлері коронавирус инфекциясының алдын алу бағытында:

1. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ және басқа да мердігер кәсіпорындарының қызметкерлерін қызмет алдында, дәрігерлік амбулаторияның жанында орналасқан тепловизор арқылы дене қызуын өлшеу;

2. Тепловизордан өткен қызметкерлер санын цех басшылары мен медицина қызметкерлері тізім бойынша салыстырып, олардың бұл бақылаудан толық өтуін анықтау;

3. Тепловизордан өткеннен соң қызметкерлерді жұмыс алдындағы медициналық тексеруден өткізу;

4. Дәрігерлердің диспансерлік есебіндегі қызметкерлерді кезекті байқауын цехтарға барып өткізу;

5. «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-ның материалдық-техникалық қоймасына келген барлық тауарлар мен оларды әкелген жүк мәшинелерін дезинфекциалық залалсыз-дандырудан соң ғана қоймаға қабылдатқызу;

6. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ы көлік департаментінің барлық жолаушы тасымал-дайтын көліктерін дезинфекциалық залалсыздандыру бағытында қолданатын ертінділерімен қамтамасыз ету;

7. Коронавирус инфекциясының алдын-алу шараларын насихаттау жұмыстарын жүзеге асыруда.

Коронавирус инфекцисынан аман болайық!

**Үміт Тұманбаева,**
**Ақтау қаласындағы**
**«Хирургия Институты» ЖШС Филиалы**
**Жетібай кенорнындағы дәрігерлік**
**амбулаторияның бас дәрігері**




Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: “Маңғыстаумұнайгаз” АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 215-266 212-194, 211-885

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде терілiп, беттелді.

Индексі: 64265

“ATIS” ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 17 ш/а. тел: 525500

*1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні*

# ЫНТЫМАҚТАН АСҚАН ЫРЫС ЖОҚ!

**«Бірлік бар жерде – тірлік бар» дегенде халқымыз ауызбіршілік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерде қашанда нәтижелі іс болатынын меңзеген. Бейбітшілік пен тұрақтылықтың символына айналған 1995 жылдан бері тойланып келе жатқан 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі Күніне орай мерекелік шараларға биыл еліміздегі төтенше жағдайға байланысты шектеу қойылды. Бірақ, қашан да жақсы сөз – жарым ырыс. Төменде әріптестерімиздің 1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күніне орай айтқан жүрекжарды тілектерімен бөліскенді жөн көрдік. Барлығымыз туған жердің төсінде, құшағын жайған бейбіт елдің ішінде ел бірлігін сақтауға атсалысайық! Береке-бірлігіміз арта берсін!**




### Ақылбек Төлжанов, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, сораптық-компрессорлы құбырлармен тереңдік сораптарды сақтау-жөндеу учаскесінің такелажшысы:



Құрметті әріптестер! Сіздерді татулық пен келісімнің символына айналған 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Бүгінгі таңда алған асуларымыз бен жеткен жетістіктерімізде елімізде өмір сүруші барша ұлт өкілдерінің қосқан үлес бар. Себебі татулық пен келісімде өмір сүруі арқасында баршамыз алаңсыз өмір сүріп, білім алып, еңбек етудеміз.

Қазыналы Бозашының қойнауынан мұнайшылардың бірнеше ұрпағы мыңдаған тонна мұнай өндірді. Бұл Тәуелсіз Қазақстанның дамуы жолындағы қажырлы да табанды еңбегіміздің жемісі, тәжірибе мен кәсіби шеберлікпен келген жетістік дер едім.

Өзіміз еңбек етіп жатқан мұнай саласының әлемдік дағдарыстан туындаған қиындықтан бейбітшілік пен татулықтың арқасында өтетіндігімзге сенемін. Айтулы мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, бақыт тілеймін. Келіп жеткен қасиетті Рамазан айы құтты болсын!

### Любовь Ким – делопроизводитель канцелярии ДАСВ:



- Уважаемые коллеги, поздравляю Вас с праздником единства народа Казахстана, солидарности всех этнических групп населяющих республику Казахстан.

Карантин спору нет, охватил весь белый свет. Но нужно быть на позитиве все пройдет, и наступят прекрасные времена!

Главное трудиться, чтобы обеспечить лучшую жизнь близким людям, жить в мире и согласии.

Дорогие коллеги, желаю Вам крепкого здоровья, счастья и благополучия! Пусть весенние дни будут плодотворными, наполненными яркими событиями и радостными воспоминаниями!

오늘카자흐스탄국민들의단결휴일을맞이하여, 저는모두의가정에건강과행운이충만하시기바랍니다.

### Георгий Семчев - ведущий инженер по организации труда ДУЧР:



- Приветствую наш дружный, сплоченный, многонациональный коллектив АО «Мангистаумунайгаз».

От всей души хочу поздравить всех с Днем единства народа Казахстана, пожелать мирного неба над головой, сплоченности, крепкого здоровья, а нашей компании – развития и процветания!

Бұл мереке бүгінгі таңда бейбіт өмір мен ынтымақта тұрмыс кешіп отырған әр үйге ыстық ықылас пен достық ниетін әкеледі. Келісім, мақсатымыздың бірлігі - Отанымыздың жарқын болашағының кепілі. Қазақстан шаңырағы астында бейбітшілік пен бірлік мәңгі жасасын!

### Ольга Мирошникова - инженер по комплектации оборудования отдела компьютерных сетей и коммуникаций ДАИТиС:



- 1 Мая прекрасный весенний праздник, день солидарности и единства тех, кто знает цену своему труду и гордится его результатами. К сожалению, сейчас мы не можем собраться как раньше и пройтись стройными рядами с улыбками и смехом по улицам нашего прекрасного города. В эти непростые дни, когда вирус всех нас заставил по-другому взглянуть на жизнь, мы верим в солидарность и дружбу людей. Вместе мы сможем преодолеть все трудности и сложности, потому что все заканчивается, пройдет и это. И тогда Весна, Солнце и Любовь вернут наших детей в школы и дворы, а нас - в свои коллективы.

Дорогие коллеги, желаю побольше положительных эмоций, заряда энергии и позитива. Пусть наступившая весна даст нам то, что мы всегда ожидаем – новые ритмы жизни, новых перемен, и новые надежды!

### Телекбай Құлшабаев, Жетібаймұнайгаз ӨБ, мұнаймен ластанған аумақты жинап-тазалау учаскесінің 4-дәрежелі слесарь-жөндеушісі



Тәуелсіз мемлекетті қалыптастыру жолындағы қажырлы еңбегіміз, жеткен жетістігіміздің көзі - бірлік пен ынтымақ. Соның арқасында Қазақстан Республикасы мұнай-газ саласының дамуына, жалпы Отанымыздың күш-қуатын арттыруға маңызды үлес қоса білдік! Бірлік, достық және өзара сыйластықпен «қара алтын» өндіруде мол табысқа жетіп, ырыс-берекетіміз артты. Алдағы уақытта да жаңа белестерді бағындырып, жеңіске жету жолында бірлігіміз бен тұрақтылығымызды берік ұстанамыз деп сенемін. Еңбектері жемісті, табысы толағай әріптестеріме ел басындағы жарқын күндердің қызық-қуанышын бірге көру тілегін жеткіземін!

### Амир Хамитов - инспектор службы безопасности СБ:



- Дорогие коллеги и друзья от всей души поздравляю Вас с 1 Мая - праздником Единства народа Казахстана! В этот непростой период наш народ должен сплотиться и объединить усилия, уверен, что вместе мы преодолеем любые трудности и невзгоды.

Первомай мы встречаем с особыми чувствами, это символ весны, мира и созидания, дань уважения людям, работающим на благо своего Отечества и родного края. Этот праздник олицетворяет единство и сплочённость, стремление к миру, согласию и благополучию.

С праздником Вас дорогие коллеги и друзья! В этот праздничный день желаю вам всем доброго настроения, благополучия и уверенности в завтрашнем дне!

1 Май бәйрәме белән! Казахстан халыклары бердәмлеге көне! Без бергә теләсә нинди кыенлыкларны да җиңәчәкбез!